

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Қазақстан Республикасы үшін көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі есептеу" жобасын іске асыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 764 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Қазақстан Республикасы үшін көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі есептеу" жобасын іске асыру туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Тимур Мұратұлы Сүлейменовке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Қазақстан Республикасы үшін көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі есептеу" жобасын іске асыру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 16 қарашадағы
№764 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Қазақстан Республикасы үшін көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі есептеу" жобасын іске асыру туралы келісім

Бұдан әрі "Тарап" немесе бірлесіп "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Келісімнің нысанасы

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада көзделген "Қазақстан

Республикасы үшін көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексын есептеу" жобасын (бұдан әрі - Жоба) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Жоба шеңберінде ЭЫДҰ іске асыратын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

Жобаның ұзақтығы осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 24 айды құрайды. ЭЫДҰ өндіретін кез келген қызметтердің ұзақтығын ЭЫДҰ Кеңесі Жұмыс және бюджет бағдарламасына (бұдан әрі - ЖББ) қосуға тиіс. Осы Келісімде қаралатын, өндірілетін қызметтердің қазіргі уақытта ЭЫДҰ ЖББ-ға қосылған және ЭЫДҰ Сауда және ауыл шаруашылығы жөніндегі директораты осы өндірілетін қызметтердің бұрынғыша оның кейінгі ЖББ-ға қосылуын ұсынуға ниет білдірмек. Алайда, егер бұл өндірілетін қызметтер нәтижесінде кейінгі ЖББ-ға қосылмаса, ЭДЫҰ осы салым есебінен қаржыландырылатын жұмысты тоқтатуға және Келісімді бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Келісім бұзылған күнге дейінгі ЭЫДҰ шеккен және жұмсаған шығыстарды ғана өтейді.

2-бап. Бюджет және қаржыландыру тетіктері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Жобаны іске асыру бойынша шығыстарды өтеу үшін ЭЫДҰ-ға 200 000 (екі жүз мың) евро мөлшерінде жарна беруге міндеттенеді. Бюджет сомаларының есебі осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшада берілген. ЭДЫҰ жұмсаған әкімшілік шығасылар жоғарыда көрсетілген жарна сомасына енгізілген.

2. Жарна мына төлем графигіне сәйкес төленетін болады:

а) 90 000 (тоқсан мың) евро мөлшерінде 45 % (қырық бес пайыз) бірінші жарна осы Келісімге қол қойылып, ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде төленеді;

б) 110 000 (бір жүз он мың) евро мөлшеріндегі 55 % (елу бес пайыз) екінші жарна 2019 жылғы шілдеде төленеді.

3-бап. Қызметтің сипаттамасы және есептілік

1. ЭЫДҰ Жобаны осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшада көрсетілгендей жүзеге асырады.

2. Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне атқарылған жұмыс туралы аралық сипаттама есепті береді.

3. Жоба аяқталғаннан кейін алты ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қорытынды сипаттама есепті және шығыстардың қаржылық есебін береді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі шығыстар бойынша түпкілікті есептіліктің ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына сәйкес қаржылық есептілік талаптарына сәйкес келетіндігімен келіседі.

4-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл

1. Тараптар бір-біріне Жобаны жүзеге асыруға қажетті тиісті ақпаратты ұсынуға тиіс.

2. Тараптар арасындағы кез келген хабарлама мыналарға жіберілуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сыртқы сауда қызметін дамыту департаменті сыртқы сауда келіссөздер басқармасының басшысы Альмира Хамзинаға, Z05K5K8, Қазақстан, Астана, Мәңгілік ел даңғ., 8, Министрліктер үйі, 7-ші кіреберіс, тел.: +7 (7172) 74-30-98, e-mail: al.khamzina@economv.gov.kz.

ЭЫДҰ үшін: ЭЫДҰ Сауда және ауыл шаруашылығы жөніндегі директорының Керсетілетін қызметтер саудасы бөлімінің басшысы Джон Драммондқа, 75775, Франция, Париж Cedex 16, Андрэ Паскаль к-сі, 2, тел.: (33 1) 45 24 95 36, e-mail: John.DRUMMOND@OECD.ORG.

5-бап. Жобаның нәтижелерін пайдалану

1. Кез келген нысандағы жобаның нәтижелері ЭЫДҰ айрықша меншігі болып қалады.

2. Үшінші тарап құқықтары, сондай-ақ тиісті жағдайларда ЭЫДҰ құжаттарды сыныптау және құпиясыздандыру туралы қағидалары мен саясаты сақталған жағдайда, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы жарна есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар шеңберінде дайындалған жарияланымның (-дардың) қағаз көшірмелерін коммерциялық емес мақсатта қолдану, көшіру және тарату құқығын береді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жағдайларда ЭЫДҰ авторлық құқығын үнемі тиісті тәртіпте тануға міндеттенеді.

4. Жобаны жүзеге асыру барысында ЭЫДҰ-ға ұсынылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген мәліметтер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып қалады. ЭЫДҰ келтірілген мәліметтер мен ақпараттарды есеп (-тер), жарияланым (-дар) әзірлеу және жобаны орындау мақсатында пайдалануға және/немесе біріктіруге құқылы.

6-бап. Дауларды реттеу

Өзара уағдаластық негізінде шешілмейтін, осы Келісімнен туындайтын немесе оған қатысты кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылық не оны бұзу, оның қолданысын немесе оның жарамсыздығын тоқтату төрелікте Аралық соттың тұрақты палатасының 2012 жылғы төрелік регламентіне сәйкес шешілуі тиіс. Төрешілер саны бірге тең болуға тиіс. Төрелік талқылаудың тілі ағылшын тілі болуға тиіс. Төрелік талқылауды өткізу орны - Париж қаласы (Франция) болып табылады. Тараптар төрелік сот шығарған кез келген шешімнің күшін жоюға немесе қабылдамауға берілген құқықтан тікелей бас тартады.

7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер

Осы Келісімдегі ештеңе де халықаралық ұйым ретіндегі ЭЫДҰ-ның иммунитеттері мен артықшылықтарынан бас тарту ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

8-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісу бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген түзетулер енгізу арқылы осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап. Күшіне енуі

1. Осы Келісім қол қойылған кезінен бастап күшіне енеді және Тараптар одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін толық күшін және қолданысын сақтайды.

2. Әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндер арасында алшақтықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз түпнұсқа болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі тарапынан
Тимур Сүлейменов
Қазақстан Республикасының Ұлттық
экономика министрі

директор

Қолы: _____

Күні: _____

Қолы: _____

Күні: _____

Экономикалық ынтымақтастық
және

даму ұйымы тарапынан
Кен Аш

Сауда және ауыл шаруашылығы
бойынша

Қолы: _____

Күні: _____

Антуан Паиле

Басшының орынбасары, Бағдарлама,
Бюджет және қаржылық басқару
мәселелері жөніндегі қызмет,
Атқарушы директорат

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Экономикалық ынтымақтастық
және даму ұйымы арасындағы
"Қазақстан Республикасы үшін
көрсетілетін қызметтер саудасының
шектеулілік индексі есептеу"
жобасын іске асыру туралы келісімге
1-қосымша

Техникалық тапсырма

Кіріспе ақпарат

"ЭЫДҰ көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі" жобасы бойынша (КҚСШИ) көрсетілетін қызметтер саудасында қолданылатын саясатты реттеу және осындай саясаттың шектеулілік шаралары бойынша ақпаратты жинау жүргізіледі. Жоба 2014 жылы іске қосылды. Оның бірін-бірі толықтыратын екі жеке құралы бар: көрсетілетін қызметтер саудасы саласындағы нормативтік база және көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі. Бұл құралдар сауда саясатының талдаушылары,

сауда келіссөздерінің қатысушылары мен зерттеушілері үшін бай ақпарат көзі болып табылады, сондай-ақ сауданы ырықтандыру әсерін, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер секторының біржақты реформасын бағалау үшін қызмет атқарады. КҚСШИ 44 елде 22 көрсетілетін қызмет секторын қамтиды. Дерекқорда қазіргі кезде қолданылатын нормативтік актілер қамтылады және жыл сайын жаңартылып отырады. Шаралар тізбесін ЭЫДҰ дайындаған. Осы жобаның мақсаты - Қазақстан Республикасын КҚСШИ-дің нормативтік базасына қосу және көрсетілетін қызметтер саудасы шектеулілігінің ілеспе индекстерін (КҚСШИ) әзірлеу.

Жүзеге асырылуға тиіс іс-шаралар

1-іс-шара: **Бастапқы жұмыс семинары**
 Қызметті үйлестіруді айқындау.
 Астанада КҚСШИ дерекқорымен танысу үшін семинар ұйымдастыру (пайдаланылатын әдістемені, саясатты қалыптастыру үшін қамту және әлеуетті пайдалануды қоса алғанда), Қазақстан Республикасы үшін КҚСШИ әзірлеу процесін талқылау.
 Уәкілетті реттеуші органдар мен қатысты министрліктердің қатысуы.

2-іс-шара: **Деректер жинау**
 Бұл тапсырманы ЭЫДҰ орындайды (тиісті көрсетілетін қызметтер секторлары үшін қолданыстағы нормативтік актілер мен заңдарға қатысты жалпыға бірдей қолжетімді дереккөздерден алынған нақты ақпарат).
 2014 жылдан бастап КҚСШИ қамтитын көрсетілетін қызметтер секторлары бойынша (ақпараттық технологиялар саласындағы көрсетілетін қызметтер, құрылыс қызметтері, телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер, кәсіби көрсетілетін қызметтер (заң, бухгалтерлік, инженерлік көрсетілетін қызметтер мен сәулет саласында көрсетілетін қызметтер), қаржылық көрсетілетін қызметтер (коммерциялық банкінг пен сақтандыру), көлік қызметін көрсету (әуе, теңіз, жол және т/ж көліктері), логистика саласындағы көрсетілетін қызметтер (өңдеу, сақтау, қоймалау, жүктерді экспедициялау, кедендік ресімдеу бойынша брокерлік көрсетілетін қызметтер), өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер, курьерлік көрсетілетін қызметтер мен дыбыс-бейне көрсетілетін қызметтер (кинематография, дыбыс жазу, хабар тарату бойынша көрсетілетін қызметтер) тиісті ұлттық заңнаманы зерделеу және нормативтік деректерді жинау.
 КҚСШИ нормативтік дерекқорын Қазақстан Республикасының деректерімен толтыру.

3-іс-шара: **Деректерді верификациялау**
 Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті байланыс орталығына жиналған деректердің дәлдігін верификациялау үшін толтырылған нормативтік дерекқорды беру.
 Үйлестіруші министрлік ЭЫДҰ жинаған ақпаратты деректердің дәлдігін тексеру үшін тиісті органдар мен реттеуші мекемелерге таратады.
 Егер қажет болса немесе ЭЫДҰ орынды деп таныған жағдайда, КҚСШИ дерекқоры бойынша ЭЫДҰ-ның жауаптарды қайта қарауы.

4.1-іс-шара: **КҚСШИ индекстерін есептеу, қорытындылардың қысқаша мазмұны**
 Қазақстан Республикасы үшін толтырылған дерекқор негізінде КҚСШИ индекстерін есептеу.
 Қорытындылардың қысқаша мазмұны мен басқа елдер үшін пайдаланылатын КҚСШИ есептілігі стандарттарына сәйкес КҚСШИ нәтижелерін түсіндіру (мысалдарды қараңыз <http://www.oecd.org/tad/services-trade/coimtry-notes-services-trade-restrictiveness-index.htm>) (ағылшын және орыс тілдерінде).

4.2-іс-шара: **Нәтижелерді ұсыну**
 КҚСШИ нәтижелерін үкіметтік лауазымды адамдарға ұсыну және нәтижелер дәлдігін соңғы тексеру.
 Нәтижелердің дәлдігі мен түсінікті болуын қамтамасыз ету мақсатында электрондық түрде және/немесе семинар түрінде өткізілетін нәтижелер бойынша консультация.

Жобаны іске асыру және басқару

Жобаны жоспарланған шараларды жүзеге асырғаннан кейін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің консультациясы негізінде ЭЫДҰ басқарады және жүзеге асырады.
 ЭЫДҰ-мен консультация негізінде Қазақстан жобаны ел ішінде үйлестіру үшін Жобаның жергілікті үйлестірушісін тағайындайды.
 Жобаның жергілікті үйлестірушісі ЭЫДҰ-ның Жоба бойынша сол жерде шешуге тиісті талаптарын қарауға жауапты болады, атап айтқанда: қажет болған жағдайда, ақпарат көздерін айқындауда немесе жинауда қолдау көрсету;

Жобаға қатысты мәселелер бойынша ұлттық реттеуші органдармен өзара іс-қимыл жасасуда қолдау көрсету;
елде мүдделі тараптармен кездесу ұйымдастыру;
қорытындылар бойынша, бірінші кезекте ҚҚСШИ нормативтік дерекқор бойынша жиынтық ескертулерді беру;
Жоба жұмыскерлері бойынша мынадай логистикалық мәселелерді шешуде қолдау көрсету: жазбаша шақыртуларды дайындау, визаларды беруде қолдау көрсету, кездесулерді өткізу орындарын анықтау, кездесулердің сәтті өтуін қамтамасыз ету, құжаттамаларды мемлекеттік тілден ағылшын тіліне аударуды ұйымдастыру (қажет болғанда).
Жобаның жергілікті үйлестірушісі ЭЫДҰ-ның Жоба менеджерімен тығыз жұмыс жасайды, ол Жобаны іске асыруды ЭЫДҰ тарапынан үйлестіретін болады. Атап айтқанда, ЭЫДҰ-ның Жоба менеджері: Жобаның жергілікті үйлестірушісімен өзара іс-қимыл жасасу үшін негізгі байланысушы адамның рөліне; Жоба консультанттарын іріктеуге; Жоба бойынша орындау мерзімдерін бақылауды мониторингтеуге; материалдың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында қорытындыларды дайындауға және түзетуге; қажет болған кезде, елде ұйымдастырылатын кездесулерге қатысуға жауапты болады.

Межеленген қорытынды

Қазақстан Республикасы үшін ЭЫДҰ көрсетілетін қызметтер саудасының шектеулілік индексі: толтырылған нормативтік дерекқор және қамтылған секторлар бойынша жиынтық индекстер; Нәтижелердің негізгі қорытындылары мен түсіндірмесін қамтитын ҚҚСШИ бойынша елдік жазба; Қазақстанда, сол сияқты республикадан тыс жерлерде Жоба нәтижелерін тарату және негізгі мүдделі тараптармен талқылау.

Болжамды кест

Жобаның ұзақтығы - 24 ай. Болжамды мерзімдер төмендегі кестеде берілген.

Іс-шара	Болжамды мерзімдер
1-іс-шара: Бастапқы жұмыс семинары	2018 жыл ішінде
2-іс-шара: Деректер жинау	2018 жылғы шілде - 2019 жылғы тамыз
3-іс-шара: Деректерді верификациялау	2019 жылғы қыркүйек - 2019 жылғы желтоқсан
4.1- іс-шара: ҚҚСШИ индекстерін есептеу және қорытындылардың қысқаша мазмұны	2020 жылғы қаңтар - 2020 жылғы сәуір
4.2 - іс-шара: Нәтижелерді ұсыну	2020 жылғы маусым

Межеленген нәтижелер

Сауда саясаты саласындағы мамандар, сауда келіссөздеріне қатысушылар мен зерттеушілер үшін ақпарат көзін ұсыну, сондай-ақ сауданы ырықтандырудың және көрсетілетін қызметтер секторының біржақты реформасының әсерін бағалау құралы.
Қазақстандағы өндірістік-тұрмыстық тізбектерге қатысуға бөгет болатын тежеу факторлары мен қайталама реттеу әсерлерін бағалау.
Қазақстандық көрсетілетін қызметтер секторында жалпы тиімділікті жақсарту және бәсекеге қабілеттілікті кеңейту үшін реттеудің үздік практикалық әдістерін айқындау.
Қазақстан Республикасы үшін көрсетілетін қызметтер саудасы саласын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу.

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Экономикалық ынтымақтастық
және даму ұйымы арасындағы
"Қазақстан Республикасы үшін
көрсетілетін қызметтер саудасының

Бюджетті бағалау

Шығыстар түрі	Бюджет
Персоналды ұстауға арналған шығындар	150 017
Үстеме шығыстар	15 532
Ақпараттық технологияларды пайдалану шығыстары	495
Миссиялар	14 356
Басқа операциялық шығындар	7 000
Барлық тікелей шығындар	187 400
Әкімшілік алымдар 6.3%	12 600
ШЫҒЫСТАР ЖИЫНЫ	200 000

Ескертпе: бір бюджет желісі бойынша қаражаттың артық жұмсалуды жалпы бюджет шегінен шықпай, басқа бюджет желісі бойынша үнемделген капиталмен өтелуі мүмкін.